

ТОО «Оқу және Даму Институты»

Жоба

**Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
«Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметіндегі заманауи
ғылыми-әдістемелік және практикалық тәсілдері»**

Қарағанды, 2026 ж.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Глоссарий.....	5
3	Бағдарламаның тақырыптары.....	8
4	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....	11
5	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	11
6	Оқу процесін ұйымдастыру.....	13
7	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	14
8	Оқыту бағалау.....	нәтижелерін 15
9	Курстан қолдау.....	кейінгі 17
10	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	18

1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы **«Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметіндегі заманауи ғылыми-әдістемелік және практикалық тәсілдері»** (Бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес құрылған.

Бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламасы, Педагог қызметкерлер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, Мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру жүйесінде логопедтің қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Бағдарламаның өзектілігі адами капиталды дамыту саласындағы жалпыұлттық басымдықтармен айқындалады. Осы тұрғыда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланың ерте жастағы дамуының шешуші кезеңі ретінде қарастырылады және оның танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоциялық дамуының негіздерін, сондай-ақ бастауыш мектепте оқуға даярлығын және қоғамда табысты әлеуметтенуін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып әзірленді. Аталған Тұжырымдамада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды әрбір баланың жеке дамуын қолдауға бағытталған кешенді тәсілді қамтамасыз ететін біртұтас жүйе ретінде дамытуға қатысты көзқарас айқындалған. Тұжырымдамаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда баланың алдағы білім алуына және әлеуметтік бейімделуіне қажетті базалық өмірлік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасалады, бұл логопедтің кәсіби қызметінің маңыздылығын айқындайды.

Тұжырымдама мектепке дейінгі ұйымдарды тәрбиеленушілердің дамуындағы жеке ерекшеліктері мен әлеуеттік мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын, білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық нысандары мен тәсілдерін қолдануға, сондай-ақ дараландырылған білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеуге бағдарлайды.

Осы контексте мектепке дейінгі ұйымдарда сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау, жеке бағдарламаларды жобалау және түзету-дамыту жұмысын іске асыру саласында логопедтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға деген қажеттілік арта түседі.

Тұжырымдамада баланың даралығы мен субъектілігін қолдауға, оның коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын дамытуға бағытталған кедергісіз дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, түрлендірілетін ойын және тақырыптық аймақтарды құруға ерекше назар аударылады. Аталған қағидалар мектепке дейінгі ұйым логопедінің функционалдық міндеттерімен тікелей сабақтас болып келеді.

Білім беруді цифрландыру және дербестендірілген оқыту элементтерін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жағдайында педагогтер мен оларды қолдау мамандарының АКТ-құзыреттілігіне қойылатын талаптар арта түсуде. Логопедтер үшін бұл заманауи цифрлық және визуализацияланған білім беру ресурстарын, бейімделген тапсырмаларды, сондай-ақ балалардың жеке даму динамикасын мониторингтеуге арналған технологияларды қолдануға даяр болуды көздейді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың басымдықтарына сәйкес, балалардың тілдік және коммуникативтік құзыреттерін, оның ішінде көптілді білім беру ортасында дамыту ерекше маңызға ие болып отыр, бұл тәрбиеленушілердің сөйлеу дамуы мен коммуникативтік даярлығын қалыптастырудағы логопедтің рөлін күшейтеді.

Осы орайда Бағдарлама мектепке дейінгі білім беруді дамытудың заманауи әлемдік үрдістерімен өзара сабақтастырылады. Атап айтқанда, ерте жастағы балалық шақты дамытудың басымдығы, қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру, балаларды сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді қолдану, білім беру маршруттарын дараландыру, сондай-ақ логопедия мен арнайы педагогика саласында ғылыми негізделген тәжірибелерді енгізу ескерілген.

Осылайша біліктілікті арттыру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдар логопедтерінің кәсіби қызметін жаңартылған нормативтік талаптарға, мемлекеттік басымдықтарға және заманауи әлемдік үрдістерге сәйкестендіруге бағытталған және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде логопедиялық көмектің сапасын арттыруды көздейді.

2. Глоссарий

Психологиялық-педагогикалық қолдау	Білім беру ұйымдарында іске асырылатын, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту және даму үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйесі-
---	--

	ұйымдастырылған қызмет ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-2) тармақшасын)
Білім алу үшін арнайы жағдайлар	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; «Білім беру туралы» ҚР Заңының 1 базы 7.4 тармақшасын)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар)	Тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар (бағалау) ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-2) тармақшасын)
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	Білім алу үшін қажетті арнайы жағдайлардың анықтау ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-3) тармақшасын)
Инклюзивті білім беру	Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 21-7) тармақшасын)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке дамытушылық бағдарлама	Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде кешенді көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын айқындайтын Бағдарлама, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы (1 Бөлім, 3.7)
Білім алу үшін	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың

арнаулы жағдайлар	(балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; (Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы)
Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу	Стандартпен белгіленген көлемге және сыныпта оқу қарқынына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруде қиналатын балаларға арнап Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізуі; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы (1 Бөлім, 3.7) - ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытуға арналған білім беру ұйымдары білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді ("Білім туралы" ҚР Заңы 9.14)
Жеке бағдарламасы	оқу Зияты бұзылған білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы сыныпта оқитын білім алушыларға, зияты бұзылған білім алушыларға арналған оқу пәндерінің мазмұнын айқындау үшін орта білім

	беру ұйымдарының педагогтері әзірлейтін құжат; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы (1 Бөлім, 3.8)
Ерте дамыту	Ерте дамыту – баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейін дамуы (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы)
Сәби жасы	Туғаннан бастап үш жасқа дейінгі кезең (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы)
Педагог	Педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам; ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 50-1) тармақшасын)
Логопед	мектепке дейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымның, оның ішінде арнаулы мектепке дейінгі ұйымдардың арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді; мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге

	асырады; даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)сабақтар өткізеді; «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы»
--	--

3. Бағдарлама тақырыптары

Бағдарламаның тақырыптары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік-құқықтық реттеудің жаңартылған талаптары және ерте жастағы балаларды дамытудың басымдықтары жағдайында мектепке дейінгі ұйым логопедтерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын, педагог қызметкерлер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып қалыптастырылған. Бағдарлама тақырыптары мектепке дейінгі ұйым логопедінің диагностикалық, түзету-дамыту жұмысы, психологиялық-педагогикалық қолдау және білім беру үдерісіне қатысушыларға консультациялық қолдау көрсетуге байланысты кәсіби функцияларын қамтиды.

Бағдарламаның жаңашылдығы Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтің кәсіби қызметіне кешенді және жүйелі көзқарасқа негізделуімен сипатталады және төмендегі бағыттарда көрініс табады:

- ерте жастағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін, психофизиологиялық және сөйлеу дамуындағы ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру деңгейіне бағдарлануымен;
- логопедиялық қызметті баланың ерте жастағы тұтас дамуының контекстіне, оның ішінде сөйлеу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоциялық және танымдық дамуына кіріктіруімен;
- логопедтің түзету-дамыту жұмысының мазмұнын кедергісіз білім беру ортасының талаптары мен қағидаттарымен үйлестіруімен;

- балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде дараланған жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау мен іске асыруға басымдық беруімен;
- мектепке дейінгі ұйым жағдайында логопедтің педагогтермен және бейінді мамандармен пәнаралық өзара іс-қимылына бағдарлануымен;
- педагогтің АКТ-құзыреттілігіне қойылатын талаптарды ескере отырып, логопедиялық тәжірибеде заманауи білім беру, оның ішінде цифрлық және визуализацияланған ресурстарды қолдану мәселелерін бағдарлама тақырыптамасына енгізуімен.

Осылайша, Бағдарламаның тақырыптамасы логопедиялық көмекті ұйымдастырудың заманауи ғылыми-әдістемелік тәсілдерін көрсетеді және мектепке дейінгі білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді.

Бағдарламаға талдау

Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламаларына жүргізілген талдау олардың басым бөлігінің:

- жалпы білім беретін мектептегі білім беру деңгейіне бағдарланғанын;
- логопедиялық қызметті ерте жастағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ескермей қарастыратынын;
- инклюзивті білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелерін фрагментарлы түрде қамтитынын;
- логопедтің кәсіби функцияларын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жаңартылған талаптарымен және білім беруді дамыту тұжырымдамасының қағидаларымен жүйелі түрде ұштастырмайтынын көрсетеді.

Білім беру жүйесінде баланың ерте жастағы тұтас дамуы мен пәнаралық қолдау қағидаттарын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметіне кешенді түрде бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламаларының жеткіліксіздігі анықталды.

Осыған байланысты ұсынылып отырған Бағдарлама мазмұндық олқылықтың орнын толықтырады және айқын практикалық-бағдарланған сипатқа ие.

Осылайша, Бағдарламаның тақырыптамасы өзектілігімен, мазмұндық жаңашылдығымен ерекшеленеді және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде логопедтің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді, бұл оның мақсатқа сай және мектепке дейінгі ұйымдар практикасында сұранысқа ие екенін айқындайды.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарлама мақсаты — мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтердің сөйлеу бұзылыстары бар балаларды диагностикалау, түзету-дамыту жұмыстары мен психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру. Бағдарламаны іске асыру логопедтердің кәсіби қызметін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың басымдықтарына және баланың ерте жастағы тұтас дамуының міндеттеріне сәйкестендіруге бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бағдарлама төмендегі міндеттерді шешуді көздейді:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері жөніндегі логопедтердің білімін өзектендіру;
- мектепке дейінгі жастағы балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бойынша кәсіби дағдыларды қалыптастыру;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау және іске асыру саласындағы құзыреттерді дамыту;
- мектепке дейінгі ұйым жағдайында түзету-дамыту жұмысында заманауи логопедиялық әдістерді, тәсілдер мен технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіру;
- баланың тұтас дамуын қамтамасыз ету мақсатында педагогтермен және бейінді мамандармен пәнаралық өзара іс-қимылға дайындықты дамыту;
- балалардың сөйлеу және коммуникативтік дамуы мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру;
- бейімделген білім беру және түзету-дамыту ресурстарын пайдалану және әзірлеу бөлігінде логопедтердің АКТ-құзыреттілігін арттыру.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны аяқтаған тыңдаушылар:

Біледі:

- мектепке дейінгі ұйымдардағы логопед қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық талаптарды;
- ерте жастағы сөйлеу дамуы мен сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған заманауи ғылыми-әдістемелік тәсілдерді;
- мектепке дейінгі ұйымдағы дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру принциптерін.

Үйренеді:

- мектепке дейінгі жастағы балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау;
- жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тиімді логопедиялық әдістер мен технологияларды қолдану;
- педагогтермен, мамандармен және ата-аналармен кәсіби өзара іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Игереді:

- сөйлеу бұзылыстары және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау дағдыларын;
- балалардың сөйлеу және коммуникативтік даму динамикасын бақылауға арналған практикалық құралдарды;
- кәсіби қызметін талдау және өзін-өзі бағалау әдістерін.

Бағдарламаның практикалық маңызы

Бағдарламаны меңгерудің нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедиялық көмектің сапасын арттыруға, сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтау және түзетуге, сондай-ақ баланың тұтас дамуы қағидаларын іске асыруға мүмкіндік береді. Алынған құзыреттер логопедтің кәсіби қызметінде тікелей қолданылатын болып, мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру практикасына тұрақты оң әсерін тигізеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Біліктілікті арттыру бағдарламасының құрылымы мектепке дейінгі ұйым логопедтерінің кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру логикасына сәйкес ұйымдастырылған: қызметтің нормативтік-құқықтық және теориялық негіздерінен бастап, мектепке дейінгі жастағы балаларға диагностикалық, түзету-дамыту жұмысын жүргізу әдістерін және психологиялық-педагогикалық қолдауды практикалық тұрғыда меңгеруге дейін.

Бағдарламаның мазмұны оның мақсаты мен міндеттеріне жетуді қамтамасыз етеді және оқу нәтижелерінің күтілетін деңгейімен үйлестірілген.

Бағдарламаның оқу тақырыптық жоспары (108 сағат)

№ модуль	Модуль атауы және тақырыптар	Теория (с.)	Практика (с.)	Біріккен жұмыс (с.)	Барлығы
Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопед қызметінің нормативтік -құқықтық негіздері					
1.1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалар, Мектепке дейінгі ұйымдағы логопедтің құжаттары (сөйлеу карталары, жұмыс жоспарлары, журналдар).	4	2	2	8
1.2	Мектепке дейінгі ұйымдардағы логопедтің біліктілік	2	2	2	6

	сипаттамалары мен қызметтік функциялары				
1 Модуль бойынша барлығы		6	4	4	14
2 Модуль Сөйлеу дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері					
2.1	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дамуының жас ерекшеліктері	4	4	2	10
2.2	Сөйлеу дамуының типтік және типтік емес траекториялары	4	4	2	8
2 Модуль бойынша барлығы		8	8	4	20
3 Модуль Ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау және бағалау					
3.1	Балаларды арнайы педагогикалық тексеру әдістері	4	4	2	10
3.2	Диагностика нәтижелерін талдау және интерпретациялау	2	4	2	8
3 Модуль бойынша барлығы		6	8	4	18
4 Модуль Түзету-дамыту жұмысын жобалау					
4.1	Жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларының құрылымы	4	4	2	10
4.2	Логопедиялық сабақтарды жоспарлау және даму динамикасын мониторингтеу	4	4	2	10
4 Модуль бойынша барлығы		8	8	4	20
Модуль 5. Логопедиялық технологиялар және қолдау					
5.1	Қазаіргі заманауи логопедиялық технологиялар мен әдістер	4	4	2	10
5.2	Сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселелері бойынша пәнаралық өзара іс-әрекет және ата-аналарды (заңды өкілдерді) консультациялау, логопедиялық сауаттылығын арттыру	2	2	2	6
5 Модуль бойынша барлығы		6	6	4	16
6 Модуль. Логопедиялық тәжірибеде цифрлық және визуализацияланған ресурстар					
6.1	Түзету-дамыту жұмысында АКТ пен цифрлық ресурстарды қолдану	4	4	2	10
6.2	Бейімделген логопедиялық материалдарды әзірлеу	4	4	2	6
6 Модуль бойынша барлығы		8	8	4	20

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама көлемі 108 академиялық сағатты құрайды.

Оқу формасы – күндізгі, қашықтықтан немесе аралас (Бағдарламаны жүзеге асыру жағдайларына байланысты). Бағдарламаны іске асыру кезінде электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік беріледі.

Оқу процесі практикалық бағытталған, іс-әрекеттік және құзыреттілікке негізделген тәсілдер принциптеріне сәйкес ұйымдастырылады және әртүрлі оқу қызметтерін үйлестіруін қарастырады.

Оқу қызметінің түрлері бойынша сағаттарды бөлу

Оқу қызметінің түрлері	Сағат саны
Дәріс	42
Практикалық сабақ	42
Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы	20
Қорытынды аттестация	4
Барлығы	108 сағат

Оқытудың әдістері мен түрлері

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында келесі оқытудың түрлері қолданылады:

- дәріс (интерактивті);
- практикалық және семинар сабақтар;
- практикалық кейстерді талдау;
- тренинг;
- тыңдаушылардың әдістемелік материалдармен өзіндік жұмысы.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы бағдарланған:

- нормативтік-құқықтық актілерді талдау;
- практикалық тапсырмаларды орындау;
- жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларды талдау

фрагменттері;

- қорытынды аттестацияға даярлық.

Қорытынды аттестация

Қорытынды аттестация келесі формада өткізіледі:

- практикалық жұмысты қорғау (жеке-дамыту немесе түзету-дамыту бағдарламасының фрагменті жобасы);
- немесе қорытынды тестілеу (Бағдарламаны іске асыру форматына байланысты).

Қорытынды аттестация формасы оқу нәтижелерінің күтілетін деңгейіне және тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары

Бағдарламаны жүзеге асыру мектепке дейінгі білім беру саласында тиісті біліктілікке және тәжірибеге ие педагогикалық кадрлармен жүргізіледі. Оқу-тәрбие процесінде ұйымның оқу-әдістемелік, ақпараттық және техникалық ресурстары қолданылады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі оның мақсаты мен міндеттерін іске асыруға бағытталған және мектепке дейінгі ұйымдар логопедтерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттер қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың заманауи тәсілдеріне сәйкес қалыптасады.

Бағдарламаны жүзеге асыру құзыреттілікке, іс-әрекетке және практикалық бағытқа негізделген тәсілдерге сүйенеді. Бұл тыңдаушылардың кәсіби жағдайларды талдауға, практикалық міндеттерді шешуге және мектепке дейінгі ұйымдағы логопед қызметінің нақты жағдайларына жақын тәжірибелік дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асырудағы дидактикалық тәсілдер

Оқу процесінде келесі дидактикалық тәсілдер қолданылады:

- **практикалық-бағдарланған тәсіл** – логопедтің кәсіби қызметінде тікелей қолданылатын біліктер мен дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді;
- **іс-әрекеттік тәсіл** – практикалық тапсырмаларды орындау, кейстік жағдайларды талдау және кәсіби жағдаяттарды модельдеу арқылы мазмұнды меңгеруге бағытталған;
- **жеке тәсіл** – тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет ерекшеліктерін ескереді;
- **пәнаралық тәсіл** – логопедиялық, психологиялық-педагогикалық және түзету-дамыту қызметінің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік материалдар

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі төмендегі материалдарды қамтиды:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;
- логопедия және арнайы педагогика бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен әдістемелік ұсынымдар;
- презентациялық материалдар, сызбалар, кестелер және визуализацияланған материалдар;
- диагностикалық құралдар мен тексеру хаттамаларының үлгілері;

- жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларының үлгілері;
- электрондық және цифрлық білім беру ресурстары.

Оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар

Бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында келесі тапсырма түрлері қолданылады:

- нормативтік құқықтық актілерді және логопедтің кәсіби функцияларын талдау;
- мектепке дейінгі ұйымдағы логопедиялық тәжірибеде кездесетін типтік жағдайларды сипаттайтын практикалық кейстерді қарастыру;
- диагностикалық тапсырмаларды орындау және балаларды тексеру нәтижелерін интерпретациялау;
- жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларының фрагменттерін әзірлеу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, логопедиялық сабақтарды жобалау;
- педагогтер мен ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдарды дайындау.

Оқу материалын меңгеруді өзіндік бағалау критерийлері

Рефлексиялық дағдыларды қалыптастыру және Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында тыңдаушыларға келесі өзіндік бағалау критерийлері ұсынылады:

- логопед қызметіне қойылатын нормативтік-құқықтық талаптарды түсіну деңгейі;
- түзету-дамыту жұмысында қолданылатын әдістер мен тәсілдерді таңдаудың негізділігі;
- әзірленген материалдардың балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- жеке-дамыту бағдарламаларының логикалық тұрғыдан жүйеленуі және құрылымдылығы;
- кәсіби қызметін талдау және оны жетілдіру бағыттарын айқындау қабілеті.

Өзіндік бағалау рефлексиялық тапсырмалар, чек-парақтар және орындалған жұмыстардың нәтижелерін талқылау нысанында жүзеге асырылады.

Оқу нәтижелерін бағалау

Қорытынды аттестация Бағдарламаның міндетті құрамдас бөлігі болып табылады және қорытынды модуль шеңберінде өткізіледі.

Қорытынды аттестацияның нысаны – практикалық жұмысты қорғау болып табылады. Практикалық жұмыс:

- балалардың жеке даму ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып дайындалған жеке-дамыту немесе түзету-дамыту бағдарламасының фрагменті жобасын;
- не болмаса мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған логопедиялық ұйымдастырылған іс-әрекет кешенін дайындау және оны негіздеуді қамтиды.

Бұл аттестация нысаны тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері:

Критерий	Максималды ұпай
Теориялық материалды игеру	20 ұпай
Практикалық жағдаятта білімді қолдана алу	30 ұпай
Қорытынды тапсырма сапасы (құрылымы, логика, шешімдерді негіздеу)	30 ұпай
Презентация және қорғау, аргументтеу	10 ұпай
Командалық өзара іс-әрекет, талдауға қатысу	10 ұпай
Итого	100 ұпай

Бағалау шкаласы:

Қорытынды ұпай	Нәтиже
85–100	Аттестация сәтті өтті (өте жақсы)
70–84	Аттестация сәтті өтті (жақсы)
50–69	Аттестация өтті (қанағаттанарлық)
50 ден төмен	Аттестация өтпеді

Қорытынды бағалаудан сәтті өткендерге тақырып, сағат көлемі және берілген күні көрсетілген **Сертификат**, сондай-ақ түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды бар сертификатқа қосымша беріледі. Сертификатқа ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды. Сертификат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1162 қаулысына сәйкес арнайы қорғау дәрежесі бар баспа өнімдерін пайдалана отырып дайындалады. Сертификаттың қолданылу мерзімі курстар аяқталған сәттен бастап және оны берген күннен бастап үш жылды құрайды.

50 ұпайдан кем жинаған тыңдаушылар **қорытынды аттестаттаудан өтпеген** болып есептеледі және курсты тыңдау туралы **анықтаманы** еркін нысанда алады. Мұндай тыңдаушылар:

- Жыл ішінде бір рет қайта қорытынды бағалаудан өту;
- Келесі курстар ағынымен бағалаудан өту;
- Ағымдағы жылдың шегінде дәлелді себептермен басқа ағымға ауыстырылуы тиіс;
- Растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеп болған жағдайда курсты аяқтау.

Курстардан өту туралы келісімнің талаптарын орындамаған тыңдаушылар ұйым басшысының бұйрығы және өтініштер мен өтініштерді қарау жөніндегі комиссия шешімі негізінде оқудан шығарылуға жатады. Оқудан шығарылған жағдайда ұйым тыңдаушының жұмыс берушісін хабардар етеді.

Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде консультациялар өткізу жоспарлануда.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы негізінде" ЖШС «Оқу және Даму Институты» басшысы бекіткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру мақсатында төмендегі нысандар пайдаланылады:

1. Тыңдаушылардың педагогикалық қызметінде әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
2. Педагогикалық қызмет нәтижелерін жариялауға дайындау барысында консультациялық қолдау көрсету;
3. Курстан кейінгі қолдауда тұрған педагогтерді тәжірибе алмасуға бағытталған іс-шараларға (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және өзге де білім беру іс-шаралары) қатыстыру.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін өзінің практикалық қызметі барысында қолданады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес айқындалады.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру үшін Zoom, MS Teams платформаларын, сондай-ақ электрондық пошта, ұялы байланыс және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарланады.

